

Ақжайық ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 80 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда № 3218 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 24.01.2014 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай Ақжайық ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі б е л г і л е н с і н :

- 1) жиынтық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы аз адамдар (о т б а с ы л а р) ;
- 2) елу жастан асқан жұмыссыз әйелдер;
- 3) елу бес жастан асқан жұмыссыз ерлер;
- 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнының т ү л е к т е р і ;
- 5) он екі және одан да көп айға созылған жұмыссыз тұлғалар;
- 6) отбасында бірде бір жұмыс істеуші жоқ тұлғалар;
- 7) бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (алғаш жұмыс іздеушілер).

2. "Ақжайық аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Ш и н и я з о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Турегалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК